

Дәріс 9. Жеке тұлғаның психологиялық денсаулығы және наша құмарлықтың кері әсері

Жоспар:

1. Невротикалық бұзылулар туралы қазіргі заманғы теориялар.
2. Қобалжумен байланысты невротиикалық бұзылулар: обсессивті-компульсивті бұзылулар, олардың әлеуметтік жағдайлармен байланысы және психологиялық механизмдері; олармен психотерапевттік және психокоррекциялық жұмыстарды өткізу.
3. «МЕН бейнесінің» бұзылуымен байланысты дисморфоманиялар, дисморфобиялар, нервтік анорексия. Бала шақтағы невроздар.
4. Балаларда кездесетін невроздардың кәріну формалары.

Невротиикалық бұзылулар туралы қазіргі заманғы теориялар.

Қобалжумен байланысты невротиикалық бұзылулар:

- 1) обсессивті компульсивті бұзылулар, олардың әлеуметтік жағдайлармен байланысы және психологиялық механизмдері; олармен психотерапевттік және психокоррекциялық жұмыстарды өткізу.
- 2) соматоформдық бұзылулар: конверсиондық (истерия), соматогендік, ипохондрия. Соматоформды бұзылулардың психотерапевттік және психокоррекциялық жұмыстарды өткізу.
- 3) диссоциативтік бұзылулар: психогендік амнезия, көп тұлғалылық, деперсонализация.
- 4) «МЕН бейнесінің» бұзылуымен байланысты дисморфоманиялар, дисморфобиялар, нервтік анорексия.

Психологиялық денсаулыққа қатысты жалпы жүйе – онтогенездің әр сатысында қалыпты психофизиологиялық, физикалық, психикалық даму, онтогенездің сәйкес кезеңінде орын алатын психика, тұлға және индивидуалдылықтың дамуы. Баланың психологиялық денсаулығының қалыпты екендігін әр жас кезеңіне сәйкес тұлғалық жаңа құрылымдардың қалыптасуы көрсетеді.

Бала-бақшада және мектеп жасындағы балаларға психологиялық көмек көрсету біріншіден халықтық білім беру мекемелері арқылы жүзеге асуы керек. Бұл біздің еліміздегі психологиялық көмек көрсету орталықтарының білім беру мекемелерінде орын алуымен және ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімдерінің төмен деңгейде болуымен байланысты. Ата-аналар балалардың физикалық денсаулығына қаншалықты көңіл аударғанымен де психологиялық денсаулықтарына көңіл бөлмейді. Егер мәселені байқаса да арнайы маманнан кәсіби көмек алуға мүмкіндіктері болмайды.

Мектептегі және балабақшадағы балаларға психологиялық көмек көрсету құрылымын анықтау үшін міндетті түрде психологиялық денсаулықтың деңгейлерін ескеруіміз қажет. Психологиялық денсаулық

құрылымы күрделі. Ересек адам мен баланың психологиялық денсаулығы балада әлі қалыптаспаған, бірақ ересек адамда бар жеке тұлғалық жаңа құрылымдар бірлестігімен ерекшеленеді.

Бала шақтағы невроздар. Балаларда кездесетін невроздардың көріну формалары.

Психологиялық денсаулықты қамтамасыз ету үрдісін бір жүйе түрінде көрсетуге болады:

балалардың психологиялық денсаулығының көрсеткіштерін - элеуметті бейімделуін, мазасыздық деңгейін, қақтығыс жағдайларына конструктивті қылық және эмоционалды реакциясын, өзіндік бағасын диагностикалау, бақылау жасау және осылар арқылы психологиялық денсаулық деңгейін анықтау;

- психологиялық денсаулығы адаптациялық, ассимиляциялық-акомодациялық деңгейлердегі балаларға қамтамасыз ету жолы-тренингтік жұмыстарды жүргізу;

- балалардың психологиялық денсаулығы динамикасын нақтылау.

Психологиялық денсаулықты қалыптастыру, қамтамасыз ету процесін диагностикадан бастау керек. Яғни оқушылардың мазасыздық деңгейін анықтау, олардың мектепке және жауыға бейімделу сатысын және өзін-өзі бағалауын анықтауға бағытталған зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет. Психологиялық денсаулық көрсеткіші ретінде әр-түрлі авторлармен осы үш қасиет аталады. Сондықтан, зерттеу жұмысымызда балалардың психологиялық денсаулығы көрсеткіштерін диагностиайтын, сәйкес әдістемелер таңдалып алынды.

6-7 жастағы балалардың психологиялық денсаулығын зерттейтін нақты әдістер қазіргі кезде жасалмаған. Сондықтан, қосалқы, жанама түрде анықтайтын әдістерді қолданған дұрыс. О.В.Хухлаева бойынша, психологиялық денсаулық көрсеткіштері ретінде баланың элеуметтік ортаға (мектеп пен жанұяға) бейімделуі орын алады, өйткені, психологиялық сау функционалдылыққа адам мен элеуметтік орта арасындағы адаптацияның болуы сәйкес келеді. Сонымен қатар, мазасыздық деңгейін анықтау қажет, мазасыздықтың өсуі психологиялық денсаулықтың ауытқуларымен корреляцияда болады .

Әдебиеттер тізімі:

1. Child Suicide in Kazakhstan : special report / UNICEF consultant Robin N. Haarr; The UN Children's Fund (UNICEF) in the Republic of Kazakhstan. - Astana : UNICEF, 2011. - 25 с. - Библиогр.: с. 24.
2. Крюкова М.А. Экстренная психологическая помощь / М.А. Крюкова, Т.И. Никитина, Ю.С. Сергеева; Министерство Российской Федерации по делам гражданской обороны, чрезвычайным ситуациям и ликвидации последствий стихийных бедствий, Центр экстренной психологической помощи. - Москва : ЭНАС, 2003. - 64 с. : ил. - Библиогр.: с. 62. - ISBN 5-93196-080-5.

3. Самсонов Б.Г. Бремя величия : Тайны закулисья: реалии и мифы : историческая хроника / Б.Г. Самсонов; под редакцией Ж.А. Абугалиева. - Москва : ИД "Эксито", 2003. - 299, [1] с., [2] л. ил. - Библиогр. в подстроч. примеч. - ISBN 5-86652-044-3.